ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 26 қантар №6309-25-00-2/3041 іс Өскемен қаласы

Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Смагулова оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шығыс Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасының «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер Danial Сейдазимбек Даниял Сакенұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Шығыс Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасының «Достық үйі - қоғамдық келісім орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкер дара кәсіпкер Danial Сейдазимбек Даниял Сакенұлыу мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Danial Сейдазимбек Даниял Сакенұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Danial Сейдазимбек Даниял Сакенұлы мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге көлемінде мемлекеттік баж төлемі өндірілсін.

Жауапкерлер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкерлер талап қоюдың келіп түскені және оның

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Смагулова**

Құжатқа қол қойылған: Смагулова А. А., 26.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 06.03.2026, судья Смагулова А. А., 10.03.2026

6309-25-3-1/3328